

3. Қасым Б.Қ. Күрделі зат атауларының мағыналық құрылымы және сөзжасамдық үлгілері. – Алматы, 2000. – 154 б.
4. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 2010. – 560 б.
5. Сүлейменова Э.Д. Тіл білімі сөздігі. – Алматы, 1998. – 143 б.
6. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. – 390 б.

Смыкова Асия Даниярқызы

«Bolashaq» академиясының оқытушысы, п.ф.м

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖІКТЕУ ЕСІМДІГІНІҢ ОРЫС ТІЛІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Осы мақаланы қазақ тілін үйретіп жүрген барша әріптестеріме арнай отырып, тіл үйрету барысында есімдіктердің дұрыс үйретілуіне мән берсе екен деймін. Бұған себеп қазақ тілінде сөйлеуге үйренген өзге тілді азаматтардың сөйлеу барысында мынадай сөйлемдер естіліп жатады. Мысалы: «Менде (у меня) аға бар. Сенде (у него) қалам алуға бола ма?» деген сияқты. Осындай сөйлемдер арқылы есімдіктерді орыс тілінің аудармасымен үйрететініміз байқалып қалады. Бәрі жақсы, тек есімдіктердің дұрыс қолданысы туралы да айтып өткен жөн сияқты.

Ең алдымен қазақ тіліндегі есімдіктер мен орыс тіліндегі есімдіктердің қолдану өзгешелігі, зерттелуі туралы қысқаша тоқталып өтсек.

Есім сөздердің пайда болуы мен қалыптасу тарихы жайлы ғалымдар сонау Махмұт Қашқари еңбектерінен бастап зерттелген еңбектер аз емес. Оның ішінде алтай тілі тұрғысынан, түркі, моңғол не манжұр-тұңғыс тілдері тұрғысынан есімдіктердің жеке топтары мен жеке сөздеріне тән заңдылықтар мен ерекшеліктер тұрғысынан жазылған еңбектер болып келеді. Қазіргі қазақ тілінде есімдік дербес сөз табы ретінде қарастырылып жүр. Есімдіктерді есім сөз таптарымен бірлікте қарау керек дейтін пікір ұстанушы ғалымдардан А.А.Шахматов, А.М.Пешковский, А.Н.Гвоздекті атауға болады. Ал орыс тілінде бұл мәселеде екі түрлі көзқарас болды. Кейбір ғалымдар есімдік өз алдына жеке сөз табы болу керек деп санайды. Ал есімдікті жеке сөз табы деген көзқарасты дәлелдеушілер: В.В.Виноградов, Е.Н.Сидоренко.

Қазақ тіл білімінде есімдіктер мәселесі А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, А.Ысқақов, А.Ибатов, А.Төлеуов еңбектерінен орын алған. Аталған ғалымдардың қай-қайсы да есімдіктерді орынбасар сөздер ретінде қарастырады. Мәселен, А.Байтұрсынлы есімдікке былайша анықтама береді: «Есімдік дегеніміз – есімдердің, яғни зат есімнің, сын есімнің, сан есімнің орнына жүретін сөздер». Ғалым есімдікке осылайша анықтама бере отырып, есімдікті мағыналық жағынан бес топқа бөледі. Олар: 1) жіктеу есімдігі, 2) сілтеу есімдігі, 3) сұрау есімдігі, 4) жіктеу есімдігі, 5) танықтық есімдігі. Көріп отырғанымыздай, есімдіктердің саны да, атауы да қазіргіден басқаша. сондай-ақ ғалым «жіктеу есімдігі» деген атауды екі рет қолданып, біріншісіне қазіргі мен, сен (сіз), ол деген жіктеу есімдіктерін жатқызса, екіншісіне бәрі, барша деген қазір жалпылау есімдіктері аталып жүрген есімдіктер тобын кіргізеді [1, 118].

Профессор Қ.Жұбанов есімдікке: «Орынбасар есім (есімдік) деп түбірдің де, қосалқы шылаулардың да орындарында жүре беретін түбірлерді айтамыз» - деген анықтама береді. Қ.Жұбанов есімдікке мынадай сөздерді жатқызады: мен, сен, ол (зат есім орнына), бұл, сол, ол (зат пен сын орнына), мұндай, сондай (сын есім орнына), сонша, мұнша (бұ да), олай, бұлай (бұ да), өйтіп, сөйтеді (етістік орнына), өйткені онда (жалғауыш орнына), т.т. Ғалым есімдік деп таныған сөздердің ішінде есімдіктер де, есімдіктен басқа сөз таптарына қатысты сөздер де араласып жүр [4, 36]

Ғалым Ә.Төлеуов: «Жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктері өзінен бұрын айтылған есім сөздердің орынбасары болып саналады» — деп, орынбасарлық қызметті есімдіктің белгілі бір топтарына ғана жатқызады [3, 61].

Есімдіктерді арнайы зерттеген — ғалым А.Ибатов. Ғалым А.Ибатов есімдіктердің сөз табы ретіндегі тұлғасын, олардың мағыналық топтарын жеке- жеке сөз етеді. Ғалым: «Қазақ

тіліндегі есімдіктер өзге де сөз таптары сияқты сөздерді таптастырудың белгілі жүйеге түсіп калыптасқан негізгі үш қағидасына сай лексика-семантикалық мағынасына, морфологиялық белгілеріне және синтаксистік қызметтеріне байланысты жеке бір дербес сөз табы болып бөлінеді» - деп, « ...оларға 1) мағыналары тым жалпы, 2) контексте қолданылу мақсатына қарай әр қилы нақтылы мағыналарға ие болып отыратын сөз табы, 3) әрқашан субъективті қатынаста қолданылатын сөздер» - деген түсінік береді [3, 3-8].

Есімдіктердің қазақ тілінде де, орыс тілінде де өзіне тән грамматикалық категориялары жоқ. Олардың басқа сөз таптарынан басты айырмашылығы да осы. Есімдіктер заттың, сынның, санның атын білдірмейді, бірақ зат есім, сын есім, сан есімдердің орнына жұмсалады. Олардың мағыналары тек контекске байланысты айқындалады. Мысалы: Әсем кеше уйіне ерте келді. Ол сені көп тосты.

Екі тілде де есімдіктер морфологиялық жағынан есімдер сияқты түрленеді, бірақ өздеріне тән ерекшеліктері бар. Мысалы, субстантивтенген есімдіктер зат есімдер сияқты көптеліп те, тәуелденіп те, септеліп те, жіктеліп те қолданылса, сапалық, сындық мағынада есімдіктер сын есімдер ретінде қолданылған жағдайда грамматикалық жағынан түрленбейді.

Мағыналарына қарай есімдіктер мынадай топтарға бөлінеді:

1. Жіктеу есімдіктері (Личные местоимения)
2. Сілтеу есімдіктері (Указательные местоимения)
3. Сұрау есімдіктері (Вопросительные местоимения)
4. Өздік есімдіктері (Возвратные местоимения)
5. Белгісіздік есімдіктері (Неопределенные местоимения)
6. Болымсыздық есімдіктері (Отрицательные местоимения)
7. Жалнылау есімдіктері (Определительные местоимения)

Әрине, мағыналық түрлеріне қарай әр есімдікті орыс тіліндегі қолданысын зерделеп зерттеуді қажет етеді. Ең көп қолданыстағы жіктеу есімдігінің практикалық тұрғыдан талдап көрсек:

жіктеу есімдіктеріне мен (я), сен (ты), сіз (вы), ол (он, она, оно), біз (мы), сендер (вы), сіздер (вы), олар (они) деген сияқты сөздер жатады. Бұл есімдіктер жақтық ұғыммен байланысты келеді. Мысалы: Сен бүгін келесің бе? - Ты сегодня придешь? Біз ертең кездесеміз. - Мы завтра встретимся.

Қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін мына жерден байқауға болады. Мысалы: «Мұны айтқан – мен» немесе «Мұны айтқан – менмін» десек, қайсысы дұрыс деп ойлайсыз? Екі сөйлем де «Это сказал - я» деп аударылады. Ауызекі сөйлеу барысында екі түрі де қолданады, дегенмен екіншісі жақынырақ. Мұндай құбылыс орыс тілінде жоқ. Орыс тілінде жіктеу есімдіктері жіктік жалғауларын қабылдамайды. Ғалымдардың сөзінше жіктеу есімдіктері жіктік жалғауынан пайда болғанын дәлелдейді дейді.

Қазақ тілінде жіктеу есімдіктерінің кейбір дауыссыз дыбыстары септеу барысында түсіп қалады немесе дыбыстық өзгерістерге ұшырайды. Практикалық сабақтар барысында қазақ тілінде ілік септігінде тұрған есімдіктер қолданысы жағынан жоғарырақ екен. Оған мынадай дәлелдер ұсынуға болады:

1. Орыс тілінде септеу барысында жіктеу есімдіктерінің негізі өзгереді:

Им.п. – я – ты – он (она, оно) мы – вы -они

Р.п. – меня -тебя – его (ее) нас – вас – их

Д.п. – мне –тебе – ей (ему) нам – вам -им

В.п. –меня – тебя – его (ее) нас –вас – их

Тв.п. – мной – тобой – ею (им) нами -вами ими

П.п. – обо мне-о тебе -о ней(о нем) о нас-о вас-о них

Қарап отырсаңыздар, есімдіктер түр-тұлғасы танымастай өзгергенін байқайсыз. Мұндағы ерекше мән бергім келгені, орыс тіліндегі «Я» – меня, мной болып, «Ты» – тобой, ею, о ней сияқты өзгеруі. Оны әркім әртүрлі түсіндіреді. Бір ғана бірінші жақтағы «менің» формасы арқылы ғана қазақ тіліндегі қолданысын салыстырайық, мысалаға, «Менің атым

Азамат» деген сөйлем «Меня зовут Азамат» деп аударылады. Бірақ тікелей аудармасы «Моё имя Азамат» деуге болады. Мұндағы «менің – меня» болып өзгеру себебін тіл үйренушіге міндетті түрде түсіндіру керек.

- «звать» деген етістік қосылғанда, «мой, моя, мое» (родительный падеж) орыс тілінің ілік септігіне ауысып, кого? «меня» болып өзгереді;

- екі тілде де жіктеу есімдіктері сөйлемде бастауыш, толықтауыш, баяндауыш, анықтауыш болып қызмет атқарады. Мысалы: Меня зовут Сауле – Менің атым Сәуле. Он любит читать – Ол кітап оқығанды жақсы көреді;

- егер есімдіктер жанама түрінде келсе, қосымша мағына үстейді:

р. п. нет (кого? чего?) меня, чего-нибудь;

д. п. отдам (кому? чему?) мне, чему-нибудь;

в. п. возьмем с собой (кого? что?) меня, что-нибудь;

т. п. интересуюсь (кем? чем?) мной, чем-нибудь;

п. п. узнаем (о ком? о чём?) обо мне, о чём-нибудь

Орыс тіліндегі «мой, моя, мое» есімдіктері зат есіммен келгенде тұлғасын өзгертпейді, өз қалпын сақтайды. «Моя бабушка, моя ручка» деген сияқты.

2. Жатыс септігінде септелген есімдік те «менің» болып қолданатын кездері болады. Мысалы: «У меня есть сестра». «У меня есть машина» деген сөйлемдерді қарастырып көрейік. Қазақ тілінде жатыс септігінде тұрған сөйлемде жанды зат есім болса, Ол «менің» болып өзгередінін байқауға болады. Ал, керісінше жансыз зат есім болса, онда жатыс септігінде септелуі болады. Ал, жансыз зат есіммен келсе, өз қалпында қалатынын көруге болады. Сонда «У меня есть сестра» - «Менің әпкем бар»; «У меня есть машина» сөйлемі қазақ тілінде «Менде көлік бар» деп аударылады.

Ал шығыс септігінде жіктеу есімдіктері мағынасына қарай өзгереді. «У меня возьми» деген орыс тіліндегі «У меня» - шығыс септігінде «менен» болып аударылатын кездері көптеп кездеседі. Сонда «Менен ал» болып қолданады. Мұны қалай түсіндіреміз десек, жатыс септігіндегі жіктеу есімдігі көбіне зат есімнің бар, жоқтығын, орнын білдірсе, ал қозғалыс бағытындағы етістіктермен олар шығыс септігінде қолданады.

Тағы жіктеу есімдігінің өзгеруін барыс септігінде байқай аламыз. Мысалы, орыс тілінде «Мне тебя жаль» сөйлеміндегі «Мне» – «Маған» болып аударылмайды. Қазақ тіліне «Мен сені аяймын» деп аударылады. Мұнда да мағынасына көңіл бөлу маңызды.

Сондай-ақ қазақ тілінде жіктеу есімдіктерінің жіктелуінде де ерекшелік бар. Оларға жіктік жалғаудың барлық жақтарының қосымшалары қосыла бермейді. Жіктеу есімдіктеріне жалғанатын жақ жалғауларын есімдіктерден болған баяндауыштың қабаттасып келген плеонастикалық көрінісімен байланыстыруға болады. Өйткені жіктік жалғау, жіктеу есімдіктері баяндауыш қызметінде жұмсалғанда, бастауыштың жақтық мағынасына қарамастан, баяндауыштың жақтық мағынасына қарай жалғанады [5].

Қазақ тілін үйрету барысында байқаған азғантай тәжірибеммен бөліскім келді. Есімдіктердің сөйлем ішінде түрленуін түсіндіретін ғылыми негіздегі жауабын табу, әлі де зерттеуді қажет екені байқалады. Қазақ тілінде орыс тіліндегідей жүйелі түсіндірмеден гөрі, мағыналық өзгешелігі басымырақ. Қазақ тілінде қосымша үстемелік мағына аз. Сондықтан қазақ тілін үйретуші әр маман осындай дүниелерге көңіл бөліп, детальді түрде оқытуға тырысуымыз керек. Болашақта жаттанды сабаққа қарағанда жанды сабақтар, дәрістер көп болады деп сенемін!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар / А. Есенқұлов. – Алматы: Ғылым, 1976. – 239 б.
2. Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков: морфология / Под ред. Н.К. Дмитриева. – М.: Изд. АН СССР, 1956. – 334 с.
3. Ибатов Ә. Қазақ тіліндегі есімдіктердің тарихынан / Ә. Ибатов. – Алматы: Ғылым, 1966. – 71 б.

4. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис / Ред. Е. Жанпейісов. – Астана: Астана-Полиграфия, 2002. – 783 б.

5. <https://ulagat.com/2020/08/12>

Алмасова Сайран, Әбілқайыр Аңсаған
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Ғылыми жетекші:

ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор С.А.Кенжеғалиев

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ БЕЙВЕРБАЛДЫ КОММУНИКАЦИЯ МӘСЕЛЕСІ

Бейвербалды коммуникация мәселесі ғылыми тұрғыда қазақ тіл білімінде ХХ ғасырдан бері қарастырылып келеді. Айталық, адамдар арасындағы ақпараттық қарым-қатынастың тілсіз де жасалатыны М.Жұмабаев пен Ж.Аймауытовтың назарынан тыс қалмады. Не дегенмен, коммуникативтік актідегі бейвербалды амалдардың мүмкіндігі жайлы алғашқы көзқарастар осы кезеңге тиесілі. Бұған, екіншіден, профессор Қ.Жұбановтың: «Ақпарат алмасудың «басқа амалдары бар» дегеніміздің мәнісі мынау: сүгрет арқылы көп оқиғаны білдіруге болады. Әр алуан дабылдар (сигнал) мезгілді, келе жатқан жақсылық, жамандық жайларынан жұртты хабардар етеді» [1, 125], – дегеніне қарап көз жеткіземіз. Кейіннен бұл мәселе арнайы түрде Б.Момынова, М.Мұқанов, С.Татубаев, С.Бейсембаева, Ж.Нұрсұлтанқызы, М.Ешимов, Ж.Өмірәлиева, С.Мағжан, Қ.Қажығалиев, А.Мұратовалардың зерттеу нысанына ілікті. Онан басқа ғылыми мақала көлемінде жарық көріп жатқан шағын зерттеулер де бар. Қарым-қатынас жасаудың тілден тыс құралдарын зерттеудің қазақ лингвистикасы үшін қаншалықты маңызды екені осыдан-ақ аңғарылса керек. Осы ретте Б.Момынова мен С.Бейсембаеваның: «Дене тілі, ым мен ишарат – тілдің әлеуметтік, психологиялық лингвистика сынды салаларының фактілерін салыстыра отырып, кешенді зерттеуге қол жеткізуге болатын, қазақ тіл біліміндегі теориялық тұғыры әлі толық анықтала қоймаған жаңа сала. Кейбір ым мен ишараттың тұтас сөйлем немесе сөз, фраза орнына жұмсала беретінін ескерсек, қазақ тілінің лексика, синтаксис және фразеология, семантика салаларын зерттеуде әлі толық пайдаланылмаған, бірақ пайдаланылуға тиісті материал екені айқындалып шыға келеді» [2, 7], – деген пікіріне ден қоймаса болмайды.

Паралингвистика термині ғылымда америкалық ғалым А.Хилдің есімімен белгілі. Бұл термин (грекше *para* – маңында және лингвистика) а) сөйлеу хабарламасына ене отырып, вербалды амалдармен бірге мазмұнды ақпарат беретін бейвербалды амалдарды зерттейтін тіл білімінің бөлімі; ә) сөйлеу коммуникациясына қатысатын бейвербалды амалдардың бірлігі [3, 264]. Бұл термин грек тілінен аударғанда «қасында», «жанында» деген мағына білдіреді. Яғни тілдің айналасындағы (коммуникация кезінде) кез келген амал, қозғалыс осы паралингвистиканың нысаны болады [2, 5].

Бейвербалды амалдардың тілдік қарым-қатынастағы орны мен қызметі жөнінде зерттеген ғалымдар пікірі де осыған саяды. Ғалым Ф.Оразбаева: «Кез келген қатынас әр түрлі бейвербалды амалдармен жүруі мүмкін», – дегенді айтады [4, 12]. Соңғы жылдары бейвербалды амалдар қазақ тіл білімінде арнайы диссертациялық зерттеуге де нысан болды. Мұны жалпы коммуникация мәселелерін зерттеушілер де айналып өтпеді. Айталық, зерттеуші К.Кенжеқанова: «Коммуникация үдерісінің мәнін түсіну үшін тек қана сөйлесім үдерісін ғана емес, сонымен қатар коммуникацияға қатысушы коммуниканттардың өзара арақатынасын да зерттеген дұрыс болады» [5, 20], – дей келіп, коммуникативтік актінің тілмен ғана емес, сонымен бірге бейвербалды амалдармен де жүзеге асатынын көрсетеді.

Сонымен, тіліміздегі бейвербалды амалдар қарым-қатынас құралы да бола алады. Бұл жөнінде ғалым Ф.Оразбаева келесі бір еңбегінде: «...семиотикалық таңба-белгілерден өзгеше адамдардың ыммен түсінісуі және көздің, ауыздың, қабақтың қимыл-қозғалыстары мен жалпы бет-әлпеттің өзгеруі арқылы ұғынысуы сияқты қаншама көп белгілер бар. Тіптен дене мүшелерінің (қолдың, аяқтың, иықтың т.б.) әр түрлі қимыл-әрекетінің өзін неше саққа